



02092014

336

Кафедраларды біріктіру туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 11 бабына сәйкес Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2014 жылдың қыркүйек айының 1 жұлдызында өткен Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақ филологиясы» мен «Мемлекеттік тіл» кафедралары **біріктірілсін**. «Қазақ тіл білімі» кафедрасы **құрылсын**.
2. «Қазақ тіл білімі» кафедрасының менгерушісі қызметіне Ақымбек Съезд Шардарбекұлы, ф.ғ.к., жасалған еңбек шартына сәйкес, 2014 жылдың қыркүйек айының 1 жұлдызынан 2015 жылдың тамыз айының 31 жұлдызына дейін **тағайындалсын**.
2. Бюджеттік саясат және экономикалық жоспарлау басқармасының басшысы С.С. Елемесова университеттің штаттық кестесіне өзгерту енгізісін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау бірінші проректор М.Бүркітбаевке жүктелсін.

Негіздеме: 01.09.2014 жылғы Ғылыми кеңесінің мәжілісінің № 1 хаттамасынан көшірмесі, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті деканның ұсынысы.

РЕКТОР

Ғ.МҰТАНОВ

Келісілді:

Бірінші проректор

Оқу жұмысы жөніндегі проректор

Әкімшілік Департаментінің

директоры

Құқықтық жұмыс және әскери-жұмылдыруды
камтамасыз ету басқармасының басшысы

Бухгалтерлік есеп және есеп беру

басқармасының басшысы - бас бухгалтер

Бюджеттік саясат және экономикалық

жоспарлау басқармасының басшысы

М.Бүркітбаев

Д.Ахмед-Заки

Ә.Әубәкіров

Б. Құрманалиев

Р. Жүсіпова

С. Елемесова



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

01.09.2014 01.09.14

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің
2014 жылғы 01 қыркүйек күні өткен №1 мәжілісінің хаттамасынан

ҮЗІНДІ

ТЫҢДАЛДЫ: филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы Ө. Әбдиманұлының факультеттің құрылымына өзгерістер енгізу туралы хабарламасы.

ҚАУЛЫ: Ғылыми кеңес мүшелерінің бірауыздан қабылдаған шешімі негізінде:

1. Қазақ филологиясы мен мемлекеттік тіл кафедралары қайта құрылып, зерттеу мен оқытуды жүйелі түрде жүргізетін бір кафедраға айналсын әрі кафедра «қазақ тіл білімі» кафедрасы деп аталсын;
2. Кафедра меңгерушісі қызметіне тәжірибелі ұстаз-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Ш. Ақымбек тағайындалсын.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғ.М. МҰТАНОВ

Бас ғалым хатшы

Л.М. ШАЙКЕНОВА

Көшірмені растаған

Р.К. АҚШОЛАҚОВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің ректоры,
академик Ғ.М. Мұтановқа

Ұ С Ы Н Ы С

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-зерттеу университетіне өтуі кезеңінде Қазақ тіл білімін зерттеу мен қазақ тілін оқытуды жетілдіру уақыт талабы болып отыр. Осыған орай қазақ тілі мәселелерін зерттеу мен оқыту үдерісін үйлестіру мақсатында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Қазақ филологиясы және Мемлекеттік тіл кафедрасының зерттеу-оқыту бағытындағы бағдарын оңтайландыру қажеттігі туындауда. Сондықтан да:

1. Қазақ филологиясы мен Мемлекеттік тіл кафедраларын қайта құрып зерттеу мен оқытуды жүйелі түрде жүргізетін бір кафедраға айналдыруға және кафедраны «Қазақ тіл білімі» кафедрасы деп атауға рұқсат етуіңізді;
2. Кафедра менгерушісі қызметіне тәжірибелі ұстаз-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ақымбек Съезд Шардарбекұлын тағайындауыңызды өтінеміз.

Факультет деканы, профессор

Ө. Әбдиманұлы